

## Облыстағы кейбір ауылдық округтер мен ауылдардың атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2008 жылғы 10 сәуірдегі N 57 қаулысы және Алматы облысы мәслихатының 2008 жылғы 10 сәуірдегі N 8-51 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 20 мамырда N 2007 тіркелген

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабындағы 4-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** және облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Төмендегі ауылдық округ пен ауылдардың атаулары:

- 1) Балқаш ауданындағы Орақбалға ауылының атауы Орақты батыр ауылы;
- 2) Жамбыл ауданындағы Рославль ауылдық округінің атауы Мәтібұлақ ауылдық округі және Рославль ауылының атауы Мәтібұлақ ауылы;
- 3) Жамбыл ауданындағы Горный ауылының атауы Таңбалытас ауылы;
- 4) Панфилов ауданындағы Жаркент ауылының атауы Қырыққұдық ауылы;
- 5) Панфилов ауданындағы Соцжол ауылының атауы Бөрібай би ауылы болып өзгертілсін.

2. Балқаш, Жамбыл, Панфилов аудандарының әкімдері белгіленген тәртіппен осы шешімді орындасын.

3. Облыстық статистика басқармасы (Б. Төлепбаев) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерін есепке алу мен тіркеуіне өзгерістер енгізсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысының әкімі*

*сессиясының төрағасы*

*мәслихатының хатшысы*

*А л м а т ы            о б л ы с т ы қ            м ә с л и х а т ы*

*А л м а т ы            о б л ы с т ы қ*